

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 2 маусымдағы №ДС-215

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқитын студенттердің шәкіртақысын педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шәкіртақысы деңгейіне дейін көтеру туралы өтініштеріңізге орай келесіні хабарлаймыз.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен (АӨК) үшін кадрлар даярлау 25 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) базасында жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта бакалавриат бағдарламалары мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша 12 539 студент оқиды (2021 жылы - 7 мың студент), оның ішінде 6 140 білім алушы шәкіртақы алады.

Сондай-ақ ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға бекітілген мемлекеттік тапсырыстың 35% мөлшерінде квота көзделген¹.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес², жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы³ бойынша жыл сайын бакалавр деңгейінде оқитын білім алушылар үшін шәкіртақы көлемін 20%-ға, магистранттар мен докторанттарға 15%-ға арттыру жоспарланған (2025 жылға қарай 2020 жылға қатысты бакалавр деңгейінде оқитын білім алушылар үшін 2 есе, магистранттар мен докторанттар үшін 1,5 есе).

Сонымен қатар бүгінде ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру кезінде гранттарды игеруде проблемалар бар («Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария»

¹ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы N 264 қаулысымен бекітілген.

² Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" сайлауларды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 87 тармағы.

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы N 248 қаулысымен бекітілген.

бағыттары бойынша тек 2019-2021 жылдары игерілмеген гранттар саны – 3778 бірлікті құрады), сондай-ақ жыл сайын түлектердің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасатындарының 50% - дан аз.

Педагогикалық және медициналық бағыттағы кадрларды даярлау кезінде де осындай жағдай қалыптасқанын атап өткен жөн.

Осы мәселені шешу, сондай-ақ медицина және педагогика салаларының тартымдылығын арттыру мақсатында педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге стипендия мөлшерін ұлғайтуға, ЖЖОКБҰ – ға түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеудің шекті баллдары да көтерілді (*педагогикалық ғылымдар – 75 балл, денсаулық сақтау (медицина) – 70 балл, салыстыру үшін ауыл шаруашылығы мамандықтары – 60 балл*), сондай-ақ педагогтар мен денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысын арттыру.

Бұл дарынды жастардың педагогикалық және медициналық салаларға ағылуына әкеліп, ауылдағы кадр тапшылығын азайтуға да оң әсерін тигізді.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқитын студенттердің шәкіртақысын арттыру мәселелерін ауыл тұрғындарының әлауқатын арттыруға бағытталған қабылданатын шаралардың жалпы жиынтығында кезең-кезеңімен шешу орынды деп санаймыз.

Бүгінгі таңда бұл мәселелерде Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған⁴, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған⁵ және Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған⁶ тұжырымдамалары шеңберінде ауыл халқының жұмыспен қамтылуын және табысын арттыру проблемаларын шешу бойынша жүйелі шаралар көрсетілген, кадрлардың кетуін қысқарту, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру, оның ішінде «Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде. Оларды орындау шеңберінде студенттерге стипендия мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру мәселелері зерделенетін болады.

Бұл бағыттар бойынша жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Т. Дүйсенова

М.Курпебаев
т. 745-049

⁴ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы N 248 қаулысымен бекітілген.

⁵ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы N 270 қаулысымен бекітілген.

⁶ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы N 960 қаулысымен бекітілген.